



БҰЙРЫҚ

14.09.2025

Орал қаласы

ПРИКАЗ

№ 812

город Уральск

**Облыстық «Батыс Азимут - 2025»
спорттық бағдарлаудан ашық жарысын
өткізу туралы**

Білім басқармасының 2025 жылғы жұмыс жоспарына сай, спорттық бағдарлауды насихаттау, оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту, жаттықтырушылар мен спортшылардың біліктілігін арттыру, облыстық құрамаға үздік спортшыларды анықтау мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылдың 1-3 қазан аралығында облыстық «Батыс Азимут - 2025» спорттық бағдарлаудан ашық жарысы өткізілсін.
2. Жарыстың ережесі, шығындар сметасы, ұйымдастыру комитеті, төрешілер тізімі бекітілсін (1,2,3,4-қосымшалар).
3. Жарыстың ұйымдастырылуы және өткізілуі облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығына (Ғ.Бекқалиев) жүктелсін.
4. Аудандық (қалалық) білім бөлімдері командалардың жарысқа қатысуын қамтамасыз етіп, жол қауіпсіздігінің қатаң сақталуын бақылауға алсын.
5. Жарыс кезінде балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына жауапкершілік команда жетекшілері мен жаттықтырушыларға міндеттелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары С.Галиеваға жүктелсін.

Басқарма басшысының м.а.

А.Темирханова

Облыстық «Батыс Азимут - 2025» спорттық бағдарлаудан ашық жарысын өткізу туралы ережесі

I. Мақсаты

Спорттық бағдарлауды насихаттау, бұқара халықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту, жаттықтырушылар мен спортшылардың біліктілігін арттыру, облыстық құрамаға үздік спортшыларды анықтау мақсатында өткізіледі.

II. Жарысты өткізу орны және уақыты

Жарыс 2025 жылдың 1 – 3 қазан күндері БҚО Орал қаласы «Самал» ТЛ (Ақжүніс 100) өтеді. Қатысушылардың келу уақыты 1 қазан сағат 13.00 – ге дейін.

III. Жарысқа қатысушылар

Жарысқа аудандық, қалалық білім беру мекемелері, кәсіптік, техникалық колледждер және туризм орталықтарының командалары қатысады. Қатысушылардың жас ерекшеліктері:

ҰҚ10 (2015 – 2016 ж.т. ұл, қыз);

ҰҚ12 (2013 – 2014 ж.т. ұл, қыз);

ҰҚ14 (2011 – 2012 ж.т. ұл, қыз);

ҰҚ16 (2009 – 2010 ж.т. ұл, қыз);

Командалық есепке алынатын қатысушылар әр топтан бір ұл, бір қыз жарысқа сұраныс беру сәтінде көрсетіледі. Басқа қатысушылар жеке сынақта ғана сайысқа түседі.

IV. Жарыс шарты

Жарыс бағдарламаға сай 3 күн өтеді. Бағдарлама бойынша қатысушылар 3 қашықтықта жарысқа түсетіндіктен, әр қашықтыққа карта алулары тиіс. Қатысушылардың жарыс бағдарламаларын орындау үшін қажетті құралдары, арнайы киімі болуы тиіс. Команда өкілі мандат комиссиясына төмендегідей құжаттарды тапсырады:

1. Жіберген мекеменің мөрі және дәрігердің қолы қойылған сұраныс

№	ТА (толығымен)	Туған жылы (толығымен)	Жас ерекшелігі	Спорт.разряд	Есеп (Зачет)	Дәрігер рұқсаты
1						

(сұранысты берілген нұсқа бойынша тапсыру сұралады)

1. Іс сапар туралы бұйрық
2. Әр қатысушының жеке куәлігінің түпнұсқасы
3. Спортшының спорттық бағдарлаудан жеке сынақ кітапшасы!!!!

Алдын – ала өтінішті 2025 жылдың 29 қыркүйегіне дейін evrasia_centre@mail.ru жіберіп, өтініш жіберілгендігі жөнінде 8 -7112 – 52 – 58 – 87 немесе 52 – 59 – 42 хабарлап айту қажет.

V. Жарыс бағдарламасы

1 қазан 2025 жыл

13.00–дейін командалардың келуі

12.00–14.00 – Командалардың тіркелуі

13.00 – 14.00 – түскі ас

15.00–17.30 – «Спринт» қашықтығы

18.30 – 19.00– Облыстық «Батыс Азимут - 2025» спорттық бағдарлаудан ашық жарысының ашылу салтанаты

20.00 – 21.00 – команда өкілдерінің отырысы

2 қазан 2025 жыл

08.00 – 08.30 – таңғы ас

10.00 – 13.30 – «Ұзақ» қашықтығы

13.00 – 14.00 – түскі ас

20.00 – 20.30 – төрешілер алқасының отырысы

3 қазан 2024 жыл

08.00 – 08.30 – таңғы ас

10.00 – 13.00 – «Орта» қашықтығы

13.00 – 14.00 – түскі ас

16.00 – 16.30 – Облыстық «Батыс Азимут - 2025» спорттық бағдарлаудан ашық жарысының жабылу салтанаты

VI. Марапаттау

Әр қашықтық бойынша, жас мөлшеріне қарай жеңімпаздар 1,2,3 орын грамоталармен, медальдарымен марапатталады. Жалпы қорытынды есепке әрбір қашықтық бойынша командалық есепке қатысатын қатысушының нәтижесі 1 ұл, 1 қыз енгізіледі. Командалық есепте сынға түсетін қатысушылар мандаттық комиссия отырысында анықталып, белгіленеді.

Жарыс басталған сәттен бастап, командалық есепте сынға түсетін қатысушыларды алмастыруға тиым салынады!!!

VII. Қаржыландыру

Жарысты ұйымдастыру және өткізуге байланысты шығындарды ОБЖТжЭО мекемесі өтейді. Жарыстың әрбір кезеңінде қатысушылардың шығындарын, қатысушылардың жарыс кезіндегі тұруы мен тамақтану шығындары іс-сапарға жіберуші мекемеге жүктеледі.

Мекен – жайымыз: Орал қ. Исатай батыр көш 71/1, ОБЖТжЭО,

тел/факс 8 -7112 – 52 – 58 – 87, Е – mail: evrasia_centre@mail.ru

Кординаторлар: Бас төреші Бекқалиев Ғалым Ибатоллаұлы, тел: 52 – 59 – 42,

Бас хатшы Нурманов Райлан Ерсайнович тел: 8 777 671 75 46,

Қасым Нұрхат Рақымұлы тел: 8 7059514993

Ұйымдастырушылар жарыс бағдарламасына өзгерістер енгізуге құқылы!